



МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ТҮСУ

+7 727 2704213, +7 707 170 42 13, +7 707 505 42 13/gao@kimep.kz/www.kimep.kz
Facebook/Instagram: KIMEP/KIMEP_University

КИМЭП Университеті оқуға түсу барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі немесе осы тілдерге куәландырылған аудармасымен құжаттарды қабылдайды.

1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІШ БЕРУ

Талапкер Порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді

1. Талапкер Порталында онлайн сауалнаманы толтыру: <https://www.kimep.kz/ext/application/online/kk-KZ/>
2. Порталға сканерленген жеке куәліктің (Қазақстан азаматтары үшін) немесе төлқұжаттың (шетелдік азаматтар үшін) көшірмесін жүктеу
3. Жоғары білімі туралы құжаттың (қосымшасымен) көшірмесін жүктеу*
4. Еңбек кітапшасының көшірмесін немесе түйіндемені жүктеу
5. LLM бағдарламасының талапкерлері үшін 2 ұсынымхатты жүктеу
6. МРА, МЕРМ және MIR бағдарламасының талапкерлері үшін 1 ұсынымхатты жүктеу
7. Сандық фото
Өзіңіздің сандық фотосуретіңізді нақ «Фото» өрісіне жүктеу өте маңызды, өйткені КИМЭП-тің барлық департаменттері сіздің тұлғаңызды сәйкестендіру үшін осы жердегі сіздің фотоңызды пайдаланатын болады. Ажыратымдылығы 300 ррi (дюймға пиксель), өлшемі 8 МП-ден (мегапиксель) кем емес, төмен сығылыммен (жоғары сапа) JPEG форматындағы сандық фотосурет.
8. Бар болған жағдайда мерзімі бойынша жарамды IELTS/TOEFL сертификаттарының көшірмелерін жүктеу
9. Талапкердің қалауы бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімін жүктеуге болады

Шетелдік талапкерлер үшін қосымша талаптар

10. Банк шотынан көшірім (этникалық қазақтарға қолданылмайды)
11. Сотталмағандығы туралы анықтама

Гранттар мен қаржылық қолдау мәселелері бойынша келесі байланыс телефондары арқылы хабарласу қажет: +7 727 2704316, ұялы/ватсап +77079704316, finaid@kimep.kz

2- ҚАДАМ. АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

KEPT тестіне қатысу үшін онлайн сауалнаманы толтырып, Талапкер Порталында жеке куәліктің көшірмесін жүктеу қажет: <https://www.kimep.kz/ext/application/online/ru-RU/>

Тест нәтижелері келесі сілтеме бойынша қолжетімді: <https://kimep.kz/prospective-students/ru/admission/>

Мерзімі бойынша жарамды халықаралық сертификаттарын көрсеткен жағдайда талапкер KEPT- тен босатылады.

***Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттарда қазақ немесе орыс тіліне нотариалдық куәландырылған аудармасының болуы және бірінші академиялық семестрде нострификациялау/тану рәсімінен өтуі тиіс. Барлық мәселелер бойынша студенттерді тіркеу бөлімінің аға маманы Айнұр Мұхаметжановаға хабарласыңыз, ainur@kimep.kz, +7 727 270 43 14 (ішкі 3239)**

| Level of English Foundation Course | KEPT | CEFR+ | IELTS | TOEFL IBT | TOEFL (computer) | Duolingo |
|------------------------------------|---------|----------------------------|---|---------------------------------------|---|--|
| Direct to program | 60-100% | B2 | 5.0 (not less than 4. 5 in each section) | 70 (with no sub score below 15) | 193 (with no sub score below 25) | 105 & above (not less than 100 in each section) |
| GEF A | 50-59% | A2 –B1 | 4.5 (not less than 4.0 in each section) | 41-69 (with no sub score below 10) | 163-192 (with no sub score below 17) | 95-104 (not less than 90 in each section) |
| GEF B | 21-49% | A1+ | 3.5 (not less than 3.0 in each section) | 27-40 (with no sub score below 7) | 83-162 (with no sub score below 10) | 80-94 (not less than 75 in each section) |
| GEF C | < 20 % | Beginner or False Beginner | <3.0 | <26 | <82 | 79 & below |

Назар аударыңыз! Білім беру саясаты және менеджмент магистрі (МЕРМ) және халықаралық құқық магистрі (LL.M.) бағдарламаларынан басқа барлық бағдарламалар үшін жарамды. МЕРМ үшін IELTS тестінің ең төменгі балы - 5,5.

Халықаралық құқық магистрінің (LLM) талаптары: KEPT 85, IELTS 6.0 (әр бөлімде 5.0-ден кем емес), TOEFL IBT 75, TOEFL (компьютер) 195 және одан жоғары, Duolingo 110

3-ҚАДАМ. ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫН ТАПСЫРУ

3.1. КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ (тек Қазақстан азаматтары үшін)

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазанында № 600 бұйрығымен бекітілген магистратура бағдарламасына оқуға қабылдау жөніндегі үлгілік ережелеріне сәйкес, магистратура бағдарламасына оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Ұлттық Тестілеу Орталығы (ҰТО) технологиясы бойынша дайындалған Кешенді тестілеуден (КТ) өтулері қажет. Кешенді тестілеу (1) шет тілі бойынша, (2) білімдік бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестіден және (3) қазақ немесе орыс тілінде (таңдау бойынша) білім алуға дайындығын анықтауға арналған тестіден тұрады.

Шет тілін меңгергендігі туралы жалпыеуропалық құзырлықтарға (стандарттарға) сәйкес келетін халықаралық сертификаттары бар тұлғалар максималды балл тағайындау негізінде КТ-дегі шет тілі бойынша тестілеуден босатылады: **IELTS – 6-дан кем емес; TOEFL IBT – 60-тан кем емес; TOEFL PBT – 498-ден кем емес.**

Тестілеуді өткізу туралы толық ақпарат Ұлттық тестілеу орталығының сайтында қолжетімді <http://www.testcenter.kz/ru/postupayushchim-v-magistraturu-i-doktoranturu/>

Магистратураға қабылдау КТ қорытындылары негізінде жүргізіледі:

- MAFL бағдарламасы бойынша **75** баллдан кем емес: Шет тілі – екі шет тілі, оның ішінде шет тілі бойынша – **25** баллдан кем емес, білімдік бағдарламалар тобының бейіні бойынша; дұрыс бір жауапты таңдаумен – 7 баллдан кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдауымен – 7 баллдан кем емес, білім алуға дайындығы тестісі бойынша – 7 баллдан кем емес.
- Барлық басқа бағдарламалар үшін **50** баллдан кем емес, оның ішінде білімдік бағдарламалар тобының бейіні бойынша – 7 баллдан кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдайымен – 7 баллдан кем емес, білім алуға дайындығын анықтау тестісі бойынша – 7 баллдан кем емес.

КТ тапсыруға өтініштерді қабылдау мерзімі Жоғары және жоо-дан кейінгі білім беру департаментімен Ұлттық тестілеу орталығының сайтында (ҰТО) реттелді: <http://testcenter.kz/ru/>

КИМЭП Университеті магистратурасына түсу үшін кешеді тестілеудің бейіндік пәндері

| № | Бағдарлама атауы | Бейіндік пәндер | |
|----|--|--|---|
| | | 1 бейіндік пән | 2 бейіндік пән |
| 1 | Шетел тілі: екі шетел тілі (MAFL) | Педагогика | Кәсіби бағытталған шетел тілі (ағылшын, неміс, француз тілдері) |
| 2 | Халықаралық қатынастар (MIR) | Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты | Дипломатиялық және консулдық қызмет |
| 3 | Халықаралық журналистика (MAIJ) | Қазақ журналистикасының тарихы | Заманауи журналистиканың жанрлық формалары және қызметі |
| 4 | Экономика (MAE) | Мекеме экономикасы | Макроэкономика |
| 5 | Мемлекеттік және жергілікті басқару (MPMA) | Мемлекеттік басқару теориясы | Экономиканы мемлекеттік реттеу |
| 6 | Бухгалтерлік есеп және аудит (MACTA) | Бухгалтердік есеп негіздері | Аудит |
| 7 | Қаржы (MFIN) | Қаржы негіздері | Корпоративтік қаржы |
| 8 | Маркетинг (MMKT) | Маркетинг | Маркетингтік зерттеулер |
| 9 | Менеджмент (MMGT) | Менеджмент | Бизнесті ұйымдастыру |
| 10 | Білім беру саясаты және басқару (MEPM) | Менеджмент | Бизнесті ұйымдастыру |
| 11 | Халықаралық құқық (LLM) | Мемлекет және құқық теориясы | Ситуативтік кейс (Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе халықаралық құқықтың нормаларын қолдану негізінде нақты практикалық жағдайды жан-жақты құқықтық талдау) |

МВА бағдарламасына оқуға түскісі келетін тұлғалар Кешенді тестілеуді тапсырудан босатылады және КИМЭП Университеті анықтаған оқуға түсу емтихандарынан өтеді – ағылшын тілі бойынша тестілеу (KEPT) және МВА бағдарламасына қабылдану үшін емтихан (KGET).

3.2. МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША КИМЭП ЕМТИХАНДАРЫ

| Бағдарлама | Емтихан | Өту балы | Емтихан | Бағдарлама үйлестірушісі |
|-----------------|--|-------------------------|----------------------------|--|
| MBA*MACTA, MFIN | KIMEP Graduate Entrance Test (KGET)** - логикаға тапсырмалар, сыни ойлау және математика | 50-ден 15 | Талапкер порталында онлайн | Ләззат Ташанова, 302-1 (Достық ғимараты), +7 727 2704440 ішкі 2356, bcb-graduate@kimep.kz Айзада Агабаева, +7 727 270 4440, ішкі 2347, bcb-assistant@kimep.kz |
| MAE | | 50-ден 14 | | Камила Мусина, 507 (Уәлиханов ғимараты), +7 727 2704212 ішкі 3266, css_coordinator@kimep.kz |
| MEPM | KIMEP Graduate Entrance Test (KGET)** Онлайн сұрақтар түрінде сұхбаттасу | 50-ден 14 100-ден 50 | | Марина Ким, 227 (Достық ғимараты), 8 701 717 38 06, marina.kim@kimep.kz |
| MAFL | Онлайн сұрақтар түрінде сұхбаттасу | 100-ден 50 | | Камила Мусина, 507 (Уәлиханов ғимараты), +7 727 2704212 ішкі 3266, css_coordinator@kimep.kz |
| MIR, MPA, MAIJ | | | | Жазықпаева Самал, 202 (Достық ғимараты), +7 727 237 47 86 ішкі 1117, +7 777 002 19 16, jsamal@kimep.kz |
| ExMBA | Тікелей интервью түрінде сұхбаттасу | есептелді/есептелмеді | | Лаура Қамыспаева, 121 (Жаңа академиялық ғимарат), +7 727 2717272 ішкі 2727, lawcoord@kimep.kz |
| LLM | | | | |

*MBA бағдарламасының талапкерлері үшін қосымша критерий – 2 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі немесе оның баламасы

** Жарамды GMAT/GRE сертификаттары KGET босату үшін қабылданады

4-ҚАДАМ. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛАРЫҢ ТАПСЫРУ

Жоғары білім туралы құжат (қосымшасы бар түпнұсқа)

КИМЭП Медицина Орталығына:

075-у үлгідегі дәрігерлік анықтама немесе шетелдік азаматтар үшін оның баламасы.

КИМЭП Медициналық орталығы медициналық анықтаманың баламасының нотариалды расталған аудармасын талап етуі мүмкін, сондықтан шетелдік студенттерге медициналық тексерістен Алматыға келгеннен кейін өтуге кеңес береміз.

Анықтамада терапевт, хирург, невропатолог, окулист, отоларинголог қорытындылары мен микрореакция тестінің қорытындысы, сонымен қатар екі дәрігер қолы мен екі дәрігерлік мөрі бар флюорографиялық түсірілімнің түпнұсқасы (мерзімі 6 айдан аспаған анықтама ғана жарамды).

- рентгенолог дәрігердің аты-жөнімен және мөртабанмен сипаттаумен флюорография кескінінің түпнұсқасы (анықтама егер оның мерзімі 6 айдан аспаған жағдайда жарамды)
- егу картасының көшірмесі (32 жасқа толмаған тұлғалар үшін)

Медициналық орталығы: Наталья Яша, Бас дәрігер, тел: 8 (727) 237 48 05 ішкі нөмірі 1087, эл.адресі: n.yasa@kimep.kz

Құжаттар түпнұсқаларын сканерленген түрінде талапкер порталына жүктеуге немесе курьерлік пошта қызметін пайдаланып, келесі мекен-жайға жіберуге болады: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 4, 103, 103А, 107 офистері – Қабылдау комиссиясы

5-ҚАДАМ. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ БІЛУ ЖӘНЕ БІЛІМДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта КИМЭП Университетінің талапкермен ресми байланыс арнасы болып табылғандықтан онлайн өтініште көрсетілген электрондық пошаның адресі студенттер қатарына қабылдау кезінде жарамды болуы тиіс.
2. КИМЭП Университетіне қабылдау туралы хабарлама Сіздің электрондық поштаңызға жіберілетін болады және Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылады.
3. Білімдік қызмет көрсету шарты да Сіздің Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылатын болады. Өзіңіз басып шығарып, қолыңызды қойған шарттың екі көшірмесін Күзгі семестр пәндеріне тіркелу біткенге дейін Қабылдау комиссиясына тапсыруыңыз керек.

6-ҚАДАМ. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Сабақ кестесін құрастыру, құнын есептеу және пәндерге тіркелу мәселелері бойынша бағдарлама үйлестірушілеріне хабарласу қажет, олардың байланыс деректері «МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША КИМЭП ЕМТИХАНДАРЫ» секциясында көрсетілген.